

Алматы облысының 2005-2007 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық дамуының Ортамерзімді жоспары туралы

Күшін жойған

Алматы облыстық Мәслихатының 2005 жылғы 14 қаңтардағы N 14-98 шешімі. Алматы облыстық Әділет Департаментінде 2005 жылғы 21 ақпанда N 1900 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облыстық мәслихатының 2008 жылғы 29 желтоқсандағы N 16-105 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облыстық мәслихатының 2008 жылғы 29 желтоқсандағы N 16-105 шешімімен

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6 бабына сәйкес Алматы облыстық Мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ** :

Алматы облысының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2005-2007 жылдарға арналған Ортамерзімді жоспары қосымшаға сәйкес бекітілсін.

Алматы облыстық Мәслихаттың 2004 жылғы 21 желтоқсандағы "Алматы облысының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2005-2007 жылдарға арналған Ортамерзімді жоспары туралы" N 13-79 шешімі жойылсын.

Осы шешімнің орындалуын бақылау облыстық Мәслихаттың бюджет, қаржы және тарифтік саясат мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына (М.С.Хасенов) жүктелсін.

О б л ы с т ы қ М ә с л и х а т

сессиясының төрағасы

Облыстық Мәслихаттың хатшысы

А л м а т ы о б л ы с ы М ә с л и х а т ы н ы ң
2 0 0 4 ж ы л ғ ы 1 4 қ а ң т а р д а ғ ы
N 14-98 шешіміне қосымша

Алматы облысының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2005-2007 жылдарға арналған орта мерзімді жоспары

1. Кіріспе

Алматы облысының әлеуметтік-экономикалық дамуының ортамерзімдік жоспары облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуының 2005-2007 жылдарға арналған маңызды көрсеткіштерінің болжамын көздейді.

Жоспарды іске асыру қабылданған мемлекеттік, салалық (секторалдық) және өңірлік даму бағдарламаларына сәйкес қамтамасыз етіледі.

Жоспарда белгіленген шараларды орындау, Елбасының "Қазақстан - 2030" Стратегиясында және облысты дамытудың 2010 жылға дейінгі стратегиялық жоспарында алға қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін облыс экономикасын дамытуға мақсатты сипат береді.

2. 2003 жылы экономиканы дамытудың талдауы

Облыста өнеркәсіп өнімі қолданылып жүрген бағамен 133,4 млрд. теңгеге өндіріліп, 2002 жылға өнімнің нақты көлемінің индексі 114,5%-ды құрады. Өнім өндірудің жалпы көлемінде 77,6% өңдеуші өнеркәсіптің, 20,7% - электр қуатын, газ және суды өндіру мен бөлу, 1,7% - тау-кен өндіру саласының үлесіне тиді.

Ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 80,2 млрд. теңгеге өндірілді немесе 2002 жылдың сәйкес мерзіміне 102,9%.

Негізгі капиталға инвестиция көлемі 2003 жылғы қаңтар - желтоқсан айларында (бағалауға дейінгіні ескере отырып) 49,0 млрд. теңгені құрады немесе 2002 жылдың сәйкес мерзіміне 156,2%.

Инвестицияның жалпы көлемінен 31,6 млрд.теңге (инвестицияның жалпы көлемінде 64,4%) кәсіпорынның өз қаражаттары, 6,9 млрд. теңге (14%) - шетелдік инвестициялар, 5 млрд. теңге (10,2%) - республикалық бюджеттің қаражаты, 5,5 млрд. теңге (11,2%) - жергілікті бюджеттің қаражаты.

2003 жылы білім беру саласының 10 объектісінің құрылысы 1793,8 млн. теңге сомаға аяқталды, 139 объектінің, ғимараттарды, олардың шатырын, жылу жүйелерін жөндеуге жалпы сомасы 1052,2 млн. теңге жұмсалды. Тұтастай алғанда құрылыс және күрделі жөндеуге 2846 млн. теңге, оның ішінде республикалық бюджеттен 1087,4 млн. теңге бөлінді.

3. 2005-2007 жылдарға арналған мақсаттары, міндеттері және басымдықтары

Стратегиялық жоспарда стратегиялық мақсат ретінде бәсекеге қабілетті тауарлар мен қызмет көрсетулерді өндіруші өңір болу айқындалған.

Әлеуметтік-экономикалық дамудың 2005-2007 жылдарға арналған басымдықтары болып төмендегілер анықталды:

1) ішкі және сыртқы нарықта экономиканың бәсекеге қабілетті өнеркәсіп секторын қалыптастыру;

2) агроөнеркәсіп кешенінің тиімді жүйесін құру негізінде облыста азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

3) селоны (ауылды) дамыту;

4) халықтың тұрғын үйге қол жетімділігін қамтамасыз ететін тұрғын үй құрылысын дамыту проблемасын кешенді шешу;

5) жоғары сапалы өнім өндіретін және халықтың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ететін, кәсіпкерлердің көптеген орта тобын құру;

6) көлік - коммуникациялық кешенді дамыту;

7) білімнің ұлттық жүйесінің ажырағысыз бөлігі ретінде, облыста білім жүйесін дамыту;

8) дәрігерлік және дәрілік көмектің қол жетімділігін қамтамасыз ету жолымен халықтың денсаулығын жақсарту;

9) кедейлік және жұмыссыздық ауқымын азайту;

10) туризм мен спортты дамыту;

11) тарихи-мәдени мұраларды, әлеуметтік - мәдени инфрақұрылымдарды сақтау және дамыту, кәсіби өнер мен халық шығармашылығын дамыту;

12) табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану және қоршаған ортаны қорғау, қалпына келтіру жөніндегі шараларды іске асыру.

4. Өндірілген капиталды дамыту

1) Индустриялық-инновациялық даму

Облыстың индустриялық дамуы мыналарға бағытталады: қосымша құнның бірыңғай тізбегін құру мақсатында өнеркәсіпті қалыптастыруға кластерлік әдіс; жетілдіру және техникалық қайта жарақтандыру; инновациялық инфрақұрылымды дамыту.

Тиімділігі аз жеңіл өнеркәсіп орындарын, машина жасау кешенін сегменттеу, қайта бейімдеу, олардың базасында ұсақ және бәсекеге қабілетті өндіріс орындарын құру жолымен кәсіпорындарды сауықтыру тетігін дамытуды қолға алу.

Сапаны басқарудың халықаралық стандартына тездетіп өту және өндірілген өнімді сертификаттау жүзеге асырылатын болады. ИСО 9000 және 14000 халықаралық сапа стандартын енгізу бойынша жұмыс істейтін кәсіпорындар санын екі есеге арттыру көзделді.

Машина жасау және металл өңдеу

Саланы 14 кәсіпорын қалыптастырады. Машина жасау және металл өңдеуші кәсіпорындар үлесіне тауарлы өнімнің 7,0%-ы тиеді.

"Мирас" АҚ-ы базасында ауылшаруашылығы техникалары мен қосалқы бөлшектер өндіру (тракторларға соқалар, культиваторлар (қопсытқыш), дән сепкіштер және т. б.); өңдеудің прогрессивті әдістерін қолдану және "Голд Продукт" ЖАҚ-ның "Арсенал" металл өңдеу зауытында, тереңнен су тартатын насостар зауытында өнімнің сапасын көтеру жөнінде технологиялар трансфертін жүзеге асыру көзделді.

Тоқыма және тігін өнеркәсібі

Облыста жүн өңдеу жөнінде жалпы қуаты жылына 4000 тн. болатын 2 кәсіпорын және 5 орта тігін, тоқыма-тігін фабрикалары жұмыс істейді.

Саланы дамытудың негізгі бағыты кәсіпорындарды қаржылық сауықтыру, жетілдіру есебінен олардың бәсекеге қабілеттілігін көтеру болып табылады. "

Архар Вул" БК-да ағылшын фирмалары технологиясы бойынша топса өндіру жүзеге асырылады.

Химия өнеркәсібі

Салада 13 шағын және орта кәсіпорындар бар.

Облыста фармацевтика саласы дамитын болады. Дәрі-дәрмектің 350-ден астам түрін шығаратын ірі дәрі-дәрмек (фармацевтика) зауытын ашу жоспарланады, "Екафарма" БК-да дәрі-дәрмектің 32 түрін шығаруды игеру, "Леовит" ЖШС-де, "Эйкос - Фарм" ЖШС-де - 200-ге дейін жеткізу көзделді.

"Уркер Косметик", "Volvox Invest Company" АҚ-да итальян, венгер және неміс технологиялары бойынша дайындалған косметикалық бұйымдар мен жуғыш заттар, "Трилис пластик" ЖШС-де полипропилен мөшектер, "Полимер" ЖАҚ-да импортты қысқарту үшін полимерлік құбырлар сату көлемін арттыру көзделді.

Шыны және фарфор өнеркәсібі

Шыны шығару саласы "Южный 1,2", "САФ шыны компаниясы" ААҚ-ның зауытымен танылады.

Шыны ыдыстарды өндіру әріптестік компаниялар құруға түрткі болды: кварцтық құм, кальциленген сода, доломит, әк тас, дала шпаты және т. б. "Саф" шыны зауытында итальян және ресей технологиясын пайдалана отырып, шыны ыдыстардың шетелге шығаруға бейімделген классикалық түрін (бордо, рейнский және т. б.), шырындарды консервілеу үшін банкілер шығару жоспарланды. САФ-тың дамуы "шарап жасау" кластерін қалыптастыруға және дамытуға себепші болды.

Құрылыс материалдар өнеркәсібі

Кластер құрылымы әлі де болса "фрагментті" бірақ интенсивті дамуда. әртүрлі құрылыс материалдарын өндіру жөнінде 23 кәсіпорын, 8 кірпіш зауыты жұмыс істейді.

Осы саланы дамыту үшін облыста қажетті шикізат ресурстары бар. Текелі қаласында мәрмәр тастарын, өндіру жөніндегі жобасын іске асыру "Казцинк Гранит" ЖШС-і тас өңдеу мәрмәрланған әк тастарды игеру және қайта өңдеу, "Мәрмәр Тас" ЖШС-нің құрғақ құрылыс қоспалар зауытының құрылысы, "Строитель" ЖШС-і және "Iso blok" ЖШС-де қаптайтын кірпіш өндіру жөнінде жоспарланады.

Қапшағай қаласында "КНАУФ" неміс фирмасымен жоғары сапалы "гипсокартон" беттерін алу үшін "Гипс" АҚ техникалық қайта жарактандыру жөніндегі жоба іске асырылады. "Темір" ЖШС-де - сантехникалық бұйымдар өндіру, "Имсталькон АЗОК" ЖШС-де - металл черепицалар шығару жоспарланды. "Қазақстан құрылыс компаниясы" ЖАҚ-ы мен "Полимер" ЖАҚ-да (Заречный пос.) құрылыс материалдарын, полимерлік құбырлар мен "фитингтер"

өндіруді арттыру жөнінде қуаттар бар.

Мұның бәрі облыста барлық құрылыс материалдарының спектрін өндіру жөнінде кластер құруға мүмкіндік береді және өзіндік есебінен объектілерді тапсыру циклын (топтамасын) "кілтке" құлыптау.

Тамақ өнеркәсібі

Тамақ өнеркәсібінде әлсіз ішкі-кластерлік өзара іс-қимыл байқалады.

Бұл салада басымды бағыт ауылшаруашылығы шикізаттарын терең өңдеу жөніндегі жобаларды іске асыру болып табылады. Төмендегі жұмыстар:

20 мың тонна жеміс-көкөніс өнімдерін өңдейтін "Ақжол" ЖШС-і зауытының қуатын толық пайдалану;

"Казцинк" ААҚ-ның инвестициясы есебінен Текелі қаласында жеміс-жидек өңдеу жөніндегі цехтардың құрылысын салу;

Кербұлақ ауданында картоп өңдеуді ұйымдастыру;

Шамалған стансасындағы ("Алтын Нан" ЖШС-і) жүгеріні өңдеу жөніндегі тәулігіне 100 тонна астық өндіру қуаттылығы бар зауытына крахмал өнімдерін өндіруді (глюкоза шәрбаты мен жүгері азығы) жүктеу;

қолда бар қуаттарды нығайту арқылы құс етін өңдеу көлемін өсіру, оның ішінде "Алматы құс" АҚ-ы, "Бент" АҚ-ы, "Когер Лтд" ЖШС-і, "Руби Роз Агрикол" ЖШС-і және басқа да бірқатар кәсіпорындар;

шарап дайындау кластерін құру және дамыту, жүзімнің жаңа француз сорттарын "Мерло", "Каберне Франк", "Шардоне", "Кабарне Совиньон" отырғызу арқылы "Есік шарабы", "Түрген шарабы", "Қазақстан" және т. б. түрлерінің сауда маркаларын нығайту.

Қант зауыттарының қуатын толық пайдалану мен қант қызылшасы өндірісін арттыру арқылы қант өндіруді одан әрі өсіру көзделуде. Темекі өнімдерін, табиғи шырындар, сусындар, минералды сулар және басқа да жеміс-көкөніс өнімдерін өндірудің өсу динамикасы сақталады.

Облыстың индустриялық - инновациялық даму бағдарламасының басымдықтарын ескере отырып, саланы одан әрі дамыту үшін "Алматы облысында қант қызылшасы мен қант өндіру" және "Жүзім мен шарап өңдеуді дамыту" азық-түлік бағдарламалары іске асырылады.

Электротехникалық өнеркәсіп

Саланы дамытуда басымды бағыт "Қайнар" ААҚ базасында аккумулятор өндірудің итальян және неміс технологияларын енгізу болып табылады. "Ерка" БК ЖШС-де аккумуляторлардың жаңа түрлерін өндіру жөнінде қазіргі заманғы технологиялық әзірленімдерді жеделдетіп өнеркәсіптік игеру жүзеге асырылады. "Азия-Электр" ЖАҚ-да кабель-өткізгіштер өндіруді арттыру көзделеді.

Қағаз өнеркәсібі

Қағаз өнеркәсібінде басымды бағыт "Алкан Пәкиджип" ЖШС-де сигарет қорапшаларын өндіру үшін қазіргі заманғы түрлі түсті "ротогравюрлік" машиналарды пайдалану. Этикеттендіру және басқа да орауыш материалдарын шығару үшін әрекеттегі баспаханаларды ең жақсы ресей және неміс технологиялық жабдықтарымен қайта жабдықтау. "Қазақстан қағазы" ЖАҚ-да жоғары сапалы қағаздарды өндіру үшін макулатура және жаңа технологияларды өңдеудің итальян технологиясын пайдалану.

Электр энергетикасы

Саланы дамыту су және жел энергиясы ресурстарының әлеуетін игеру негізінде облыстың энергетикалық тәуелсіздігін қол жеткізуге бағытталады.

Қазақстанның Даму Банкі "Талапты және Шаңырақ ГЭС-ның құрылысы бойынша біріккен жоба" жобасын қаржыландыруды көздеуде. Инновациялық қор арқылы - "Энергокомплекс" ӨК-ның 2 жобасы - "Шелек дәлізінде" "Жетісу ЖЭС" жел станциясының құрылысы және "Жоңғар қақпасында жел электр станциясының құрылысы".

Инновациялық саясат

Инновациялық саясатты іске асыру экономиканың аграрлық секторы инновациясымен өнеркәсіптің инновациялық процестерінің өзара тығыз байланысын көздейді. Биотехнологиялар, инновациялық өндірістерді дамытуға импульс беру жоспарланады.

Қызметтің негізгі бағыттарының бірі-өңірлік технопарктер мен өңірлік ақпараттық-консалтингтік орталықтар құру арқылы бірқатар оқыту және қамтамасыз ету шаралары жүзеге асырылады.

Болжанатын нәтижелер

Көзделген шараларды іске асыру өнеркәсіп өндірісінің көлемін 2007 жылы 2004 жылға қарағанда 18,6%-ға өсіруді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

2) Инвестициялық саясат

2005-2007 жылы инвестициялық саясаттың негізгі бағыты - өңірдің басымды экономика секторына тікелей және шетел инвестициясының көлемін арттыру болып табылады: өңдеуші өнеркәсіп саласына, шағын энергетика, ауыл шаруашылығы.

Мемлекеттік инвестицияларды пайдаланудың басымды бағыттары алдағы 3 жылда денсаулық сақтау, білім және сумен жабдықтау, әсіресе ауылдың жерлерді дамытуға көңіл бөлу басты назарда болады.

Білім саласында республикалық бюджет есебінен 1145,4 млн. теңге сомада жалпы білім беретін мектептер салу көзделуде. Денсаулық сақтау объектілерінің құрылысына республикалық бюджет есебінен 920,9 млн. теңге бөлінді.

Сумен жабдықтау объектілерін қайта жабдықтау республикалық бюджет есебінен 1026,3 млн. теңге сомада қаржыландырылады.

Индустриалды-инновациялық даму шеңберінде "Кипро Кер" ЖШС-нің (керамзиттен құрылыс материалдарын өндіру) екінші деңгейлі банктер қаражатының есебінен 3,8 млн. АҚШ доллары құнымен және "Қазақстанның Инвестициялық қоры Инвестициялық компаниясы" АҚ-ның қатысуымен "Мәрмәр Тас" ЖШС-і (микрокальцит өндіру) 1,2 млн. АҚШ доллары құнымен жобалар жүзеге асырылады. "Қазақстанның Даму банкі" АҚ-ы "Шаңырақ ГЭС" ЖШС-і "Талапты және Шаңырақ ГЭС-і құрылысының біріккен жобасы" жобасына жалпы сомасы 12,0 млн. АҚШ доллары көлемінде кредит береді. Алдағы үш жылда "Қазақстан қағазы" АҚ-ның қағаз және "гофрокартон" өндіру жөніндегі қызметі ұлғайтылады.

2005 жылы негізгі капиталға инвестиция тарту 66,6 млрд. теңге көлемде, 2006 жылы - 69,5 млрд. теңгеге дейін және 2004 жылдың 127,1% деңгейіне қарсы 2007 жылы - 72,7 млрд. теңге көлемінде болжанады.

Тұрғын үй құрылысын дамыту

Облыста 2005-2007 жылдарға арналған тұрғын үй құрылысын дамыту бағдарламасының жобасы әзірленді. Осы кезеңде 762,5 мың ш. м. тұрғын үй пайдалануға беріледі, оның ішінде жылдар бойынша: 2005 жылы - 190,5 мың ш. м., 2006 жылы - 254,0 мың ш. м. және 2007 жылы - 318,0 мың ш. м. Осы жылдар ішінде 9,5 мыңға жуық отбасы тұрғын үймен қамтамасыз етіледі.

3) Агроазық - түлік саясаты

Егістік жерлердің құрылымын жетілдіру жөніндегі жұмыс жалғастырылады. Басымды бағыт - экономикалық тиімді дақылдар, соя, жүгері, күріш, қант, қызылшасы, көкөніс, картоп сияқты дақылдарды егуге ерекше көңіл бөлінеді.

Облыстың элиталық - тұқым шаруашылықтары есебінен меншіктің барлық түріндегі шаруашылық субъектілері қажетті мөлшерде жоғары репродукциялы тұқыммен қамтамасыз етіледі.

Ауыл шаруашылығы өнімдеріне бағаны төмендету және тұрақтандыру мақсатында Шеңгелді, Қызылағаш, Жоламан және "Жаланаңаш" суландыру алаптарын экономикалық пайдалы дақылдар өндіру үшін тиімді пайдалану жалғастырылады.

Жүзімдіктер, бақтар, даңқты "Апорт" алмасын егуді қалпына келтіру көзделеді 2004-2005 жылдары 412 гектарға бақтар отырғызылады, оның ішінде "Апорт" - 211 га, жүзімдіктер - 152 га. 2006-2007 жылдары жыл сайын 250 га жерге бақтар және 200 га жерге жаңа жүзімдіктер отырғызу көзделеді.

Агротехникалық шараларды жақсарту есебінен 2007 жылы жүзім өндіру 22 мың тоннаға дейін жеткізілуге, түсімділікті өсіруге және шарап зауыттарының өндірістік қуатын толық пайдалануға қол жеткізіледі.

Мал басының және оның өнімділігін арттыруды ескере отырып, жоғары өнімді асыл тұқымды малдардың генофондын сақтау жалғастырылады, сәттік

және еттік ірі қара, селекциялық - асылдандыру жұмыстарын одан әрі жетілдіру
б а с ы м д ы к ү й і н д е қ а л а д ы .

Техникалық саясат бағдарламасын іске асыру, лизинг тетігін пайдалана отырып, машина - технологиялық станциялар паркін құру және жаңартуды
к ө з д е й д і .

ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің қолдауымен Ақсу қант зауыты базасында қазіргі заманға сай машина - технологиялық станция құру болжануда. Бұл өткен жылмен салыстырғанда қант қызылшасын өндіруді 18-20%-ға
к ө т е р у г е м ү м к і н д і к б е р е д і .

Алдағы 2005-2007 жылдары ауыл шаруашылығын дамытуға бюджеттік бағдарламаларды мақсатты қаржыландыру жалғастырылатын болады.

2005 жылы Агроазық-түлік бағдарламасы шеңберінде 5259,7 млн. теңге сомада қаржыландыру болжанады. 2006-2007 жылдары 8558 млн. теңге сомада
қ а р ж ы ж і б е р у к ө з д е л е д і .

Ауылдық кредиттік серіктестіктер жүйесін одан әрі дамыту мақсатында, ауылдағы қаржы мекемелері ретінде, 2007 жылға облыстың барлық аудандарында ауылдық кредиттік серіктестіктер құру көзделді.

2005 жылы ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің көлемі 96,7 млрд. теңге немесе өсім 2004 жылға қарағанда 5,1%, 2007 жылы - 113,8 млрд. теңге немесе 23,8%-ды құрады.

5. Табиғи капиталдың дамуы

1) Тау-кен өндіру кешенін дамыту және оның ресурстарын пайдалану

Салада болашағы бар кен орындары мен көпшілікке кең таралған пайдалы қазбалар
у ч а с к е л е р і ж е т і л д і р і л е д і .

"Текелі" кенішінің жабылуына байланысты өндірістің және жұмыс орындарының шығынын өтеу мақсатында Текелі қаласында жаңа балама өндіріс орындарын құру жөнінде "Казцинк" ААҚ-ның бағдарламасын іске асыру
ж а л ғ а с т ы р ы л а т ы н б о л а д ы .

"Көксу ГРК" ЖШС-де шин өндірісі үшін композициялық материал ретінде, фармацевтикада су тазалауға шунгитті игеру көзделеді. "Талдықорған темір" ЖШС-де сульфат натрийдің құрғақ қоспасын, "Жартас" ЖШС-де - барит ауырлатқыш, "Қаратал ЛТД" ЖШС-де - тұз және натрий хлоридін өндіруді
а р т т ы р у ж о с п а р л а н а д ы .

Сондай-ақ, табиғи құм, әктас және гипс, көмір өндіруді арттыру
ж о с п а р л а н а д ы .

Қабылданған шаралар есебінен бұл салада өндіріс көлемін 2007 жылы 2004 жылға
қ а р а ғ а н д а 12,5%-ға а р т т ы р у ж о с п а р л а н д ы .

2) Қоршаған ортаны қорғау

Облыста атмосфераға зиянды заттардың шығарындыларын азайту және

қоршаған ортаға адамның зиянды әсерін қысқарту жөнінде шаралар қ а б ы л д а н а д ы .

Облыста қолайлы экологиялық орта құру үшін мынадай бағыттар бойынша жұмыстар жүзеге асырылатын болады: экологиялық бағдарламаларды тұрақты қаржыландыру үшін жағдай жасау және табиғатты қорғау қызметін экономикалық ынталандыру; қалдықтарды басқарудың қазіргі заманғы жүйесімен, қатты тұрмыстық қалдықтар полигондарының құрылысы және оларды қайта жаңартуды қамтамасыз ету; техногендік заттарды паспорттандыру, техногендік пайда болған заттардың орналасу, олардың жойылуы, қайта өңдеу, қопсыту сызбасын жасау; санитарлық кесу, елді мекендерді көгалдандыру, орман ағаштары көшеттерін егуді қайта жандандыру; балық ресурстарының әртүрлілігін сақтау және балықтың кәсіптік түрлерінің санын қалпына келтіру ж ө н і н д е ш а р а л а р жү р г і з у .

Облыста қабылданған шаралар нәтижесінде Талдықорған, Талғар, Қапшағай қалаларында қатты тұрмыстық қалдықтардың 3 полигоны салынады, Панфилов ауданында уран кен орнының радиоактивті үйінділерін көму жұмыстары жү р г і з і л е д і .

2700 га алаңда орманды қалпына келтіру жұмыстары жүзеге асырылады. 2007 жылы зиянкестер мен ауруға қарсы өңдеуге жататын орман алқаптары 42%-ға қысқартылады. Облыстың суаттарын балықтандыру жылына 6800,0 мың дана шабақтарға дейін жеткізіледі.

6. Сыртқы экономикалық қызмет

Облыстың сыртқы сауда айналымы 2003 жылы 562,2 млн. АҚШ долларын құрады, бұл 2002 жылмен салыстырғанда 62,6%-ға артты, оның ішінде экспорт - 82,6 млн. АҚШ доллары, импорт - 479,6 млн. АҚШ долларын құрады.

Облыста ҚХР-мен шекарада "Хоргос" шекаралық ынтымақтастықтың халықаралық орталығы құрылысының жобасымен жұмыс жалғастырылады. Талдықорған қаласы мен Анталья қаласы (Түркия) арасында туыстық қарым-қатынас орнату және Алматы облысы мен Анталья қаласы арасында ғылыми-техникалық, сауда - экономикалық және мәдени ынтымақтастық туралы Келісім жөніндегі шартқа қол қойылды.

Тұтастай алғанда, облыстың сыртқы экономикалық тауар айналымының көлемі 2007 жылы 2004 жылмен салыстырғанда - 23,4%-ға өседі.

7. Адамзат капиталының дамуы

1) Б і л і м

Облыста 748 орташа жалпы білім беретін мемлекеттік мекеме жұмыс істейді, олардағы оқушылар саны 341407 адам.

Облыстағы 427 мектеп немесе олардың жалпы санынан 58,4%-ы Интернет ж ү й е с і н е қ о с ы л ғ а н .

Облыста 4 дербес және 3 жоғары оқу орнының филиалы бар, онда 11 мың студент оқиды.

2005-2007 жылдары 3463,5 млн. теңге сомаға 24 мектеп салынады, олардың ішінде 6 жаңа, 18-і жаңартылады. Мектеп жоқ елді мекендерде жоспарланған 6 мектептен 4-і салынады.

2005 жылы республикалық бюджеттен 5 мектептің құрылысына 853,0 млн. теңге бөлінді. Еңбекшіқазақ ауданының Көктөбе ауылында мектеп құрылысы басталып, 2006 жылы пайдалануға беріледі.

Жергілікті бюджеттің есебінен 6 объектінің құрылысы жоспарланды.

2005-2007 жылдары 171 білім беру объектілерін жөндеуге 2,2 млрд. теңге, оның ішінде 2005 жылы 53 объектіге 643,8 млн. теңге бөлу жоспарланды.

2006-2007 жылдары 2 интернат ашу көзделеді, құрал-жабдықтар 1758,2 млн. теңге сомаға, оның ішінде лингафон кабинеті, ағаш ұстасы және дәнекерлеу шеберханасы, еңбек, дене тәрбиесі шеберханалары, химия, биология, физика кабинеттері, кітапханалар, түрлі және мектепалды сыныптар үшін әртүрлі оқулықтар мен құрал-жабдықтар сатып алу жоспарланады.

Мемлекеттік және жеке жоғары оқу орындарының саны 2004 жылғы деңгейде қалады. Студенттер саны 2007 жылы 10,6 мыңға жетеді, олардың ішінде 7,8 мың адам мемлекеттік жоғары оқу орнында оқиды.

2) Орта техникалық біліммен мамандар және жұмысшы кадрлерін дайындау жүйесін дамыту

Бастауыш және орта кәсіби білім беру жүйесінде 6598 оқушылар санымен 26 кәсіби-техникалық мектеп және 12225 адам санымен 30 колледж жұмыс істейді. Ауыл тұрғындарына оқыту жүйесін жақындату мақсатында 1 мемлекеттік емес кәсіптік мектеп, 1 кәсіби мектеп бөлімшесі (филиалы), 4 мемлекеттік емес колледж ашылған.

Дайындық сапасын қамтамасыз ету мақсатында материалдық-техникалық базаны нығайту жөнінде шаралар қабылданып, оқытудың жаңа технологиясы енгізіледі. Білімді ақпараттандыру халықаралық коммуникациялық жүйеге толық шығуға мүмкіндік береді.

2007 жылы мемлекеттік кәсіптік мектептер саны 23-ке жеткізіледі, мемлекеттік және жеке меншік колледждер саны бұрынғы деңгейде қалады. 2007 жылы бастауыш және орта кәсіптік білім беретін оқу орындарында оқитындар саны 7,9%-ға артып, 21,8 мың оқушыға жеткізіледі.

3) Халықтың тұрмыс деңгейін көтеру

Облыс халқының орташа жан басына шаққандағы номиналды ақшалай табысы 2003 жылы орта есеппен айына 6505 теңгені құрады және 2002 жылмен салыстырғанда 19,5%-ға артты.

Осы мерзімде нақты табыс 12,1%-ға үсті. Ең төмен күнкөріс деңгейі 2002

жылғы 4621 теңгенің орнына 4973 теңгеге жетті.

2004-2006 жылдары 11329 жұмыс орнын құру көзделді, бұл халықтың еңбекпен қамтылуын, яғни табысты да өсіруге қол жеткізді.

Облыс Әкімі, кәсіподақтар мен жұмыс берушілер арасындағы үшжақты келісім шеңберінде коллективтік шарт жасасу жолымен жалдамалы жұмысшылардың еңбегіне ақы төлеуді арттыруға қол жеткізіледі.

Облыста 2007 жылы бір қызметкерге орташа айлық номиналды жалақы 21218 теңгені құрайды, 2004 жылмен салыстырғанда 17%-ға артады.

4) Шағын кәсіпкерлікті дамыту және орта класты құру

2003 жылдың қорытындысы бойынша жұмыс істейтін 40,3 мың адам санымен 4001 шағын кәсіпорын жұмыс істейді.

Оларда өндірілген өнім (жұмыстар, қызмет көрсетулер) - 71,9 млрд. теңгені (46,4%) құрады.

Шағын және орта бизнесті дамытуға қолайлы жағдай жасау үшін төмендегі бағыттар бойынша жұмыс жалғастырылады:

өз өнімдеріміздің бәсекеге қабілеттілігін арттыру, өндірістің техникалық және технологиялық стандарттарын енгізу, өнім сапасының халықаралық стандарттарға сәйкес келуіне бақылау жасау;

бос тұрған бөлмелерді шағын кәсіпкерлік субъектілеріне беру; инновациялық және ғылымды қажетсінетін өндіріс орындарын дамыту үшін жағдай жасау, лизинг бойынша құрал-жабдықтар мен технологиялар сатып алу, франчайзингтік қарым-қатынасты кеңінен тарату;

шағын кәсіпкерлікке кредит берудің 3-деңгейлік жүйесін пайдалану; ауылда (селода) шағын кредит беруді дамыту және оған үкіметтік емес ұйымдар мен халықаралық қаражаттарын тарту;

шағын кәсіпкерлікті қолдау мен қорғау мәселелерінде кәсіпкерлік инфраструктура объектілерінің қызметін белсендіру, үкіметтік емес ұйымдардың ролін нығайту.

2007 жылы 2004 жылға қарағанда жұмыс істейтін кәсіпорындар саны - 13,2%-ға; олардағы адамдар саны - 10,7%-ға, тауарлар, қызмет көрсетулердегі сатудан түскен табыс - 13,8%-ға өседі.

5) Кедейлік және жұмыссыздықты төмендету

2003 жылы 13954 жұмыс орны құрылды. Есепті кезеңде 14487 адам жұмысқа тұрғызылды, ақы төленетін қоғамдық жұмыстарға 13010 адам жіберілді. Жұмысқа тартылғандарға жергілікті бюджеттен 222,1 млн. теңге төленді.

2004 жылдың 1-қаңтарына жұмыссыздар саны 10229 адамды құрады, еңбек рыногы бойынша жұмыссыздық деңгейі - 1,3%.

2003 жылы облыс бойынша тұрақты атаулы әлеуметтік көмек 129945 алушыға 1148,9 млн. теңге сомада төленді. Жеке қосалқы шаруашылықтарды

дамытуға 21225 алушыға 198,3 млн. теңге бөлінді.

Алматы облысы бойынша 2003-2005 жылдарға арналған кедейлікті төмендету жөніндегі Бағдарламаны іске асыру жалғастырылады. Ол халықтың аз қамтылған тобының материалдық жағдайын жақсартуға, халықтың тиімді жұмыспен қамтылуы үшін жағдай жасауға, базалық білім беру мен денсаулық сақтау қызметіне қол жетімділікті жақсартуға, атаулы әлеуметтік көмекті көтеру және жұмыссыздың ауқымын қысқартуға бағытталады. Бос жұмыс орындары жәрмеңкесі өткізіледі, қоғамдық жұмыстарда еңбекпен қамту, олардың түрлері және тиімділігі ұлғайтылады. Оқудан өткен жұмыссыздарды жұмысқа орналастыру деңгейін көтеру жөнінде шаралар қабылданады.

2004 жылмен салыстырғанда облыстың экономикалық белсенді халқы 2007 жылы 5,7 мың адамға немесе 0,7%-ға үсті, жұмыспен қамтылғандар 7,2 мың адамға немесе 11,3%-ға, жұмыссыздар санын төмендеуіне байланысты 12,9 мың адам немесе 1,8%. Жалпы жұмыссыздық деңгейі 2004 жылғы 8,0%-дан 2007 жылы 7,1%-ға дейін төмендейді.

Кедейлік шегінен төмен тұратын адамдар саны 2007 жылы 63700 адамға дейін немесе 28%-ға дейін азаяды.

б) Халықты әлеуметтік қамтамасыз ету

Облыста 2003 жылғы 1 маусымнан зейнеткерлердің еңбек жинақтарына байланысты зейнетақы төлемдері көлемін арттыру жүзеге асырылады. Қайта есептеу нәтижесінде ең төмен зейнетақы алатын зейнеткерлер саны 27%-ға азайды, ал жоғары зейнетақы алатындар саны, керісінше 14 есе үсті. 2003 жылы зейнетақының орташа жылдың мөлшері 2002 жылғы 5253 теңгенің орнына 6551 теңгеге жетті.

2003 жылы облыстық бюджеттен арнайы мемлекеттік жәрдемақы 1322,0 млн. теңге сомада төленді. Орта есеппен әрбір адамға қосымша арнайы жәрдемақы сомасы айына 1213 теңгені құрады.

2004 жылдың 1 қаңтарына облыста 50489 мүгедек тұрады немесе жалпы халықтың 3,2%-на жуығы. Ағымдағы жылы облыстық бюджеттен мүгедектерді қолдау және оналту бағдарламасы шеңберінде 355 жолдама және 171 мүгедектер арбасын алу үшін 17,6 млн. теңге бөлінді.

Мүгедектерді әлеуметтік және медициналық қолдауға бағытталған, 2002-2005 жылдарға арналған мүгедектерді оналту Бағдарламасын іске асыру жалғастырылады.

Қазақстан Республикасының "Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық коррекциялық қолдау туралы" Заңын орындау мақсатында 2005 жылға арналған үйде қызмет көрсететін әлеуметтік көмек қызметкерлерінің 351 бірлігі енгізілді.

2005 жылы облыс бюджетінен 800,0 мың. теңгеге үйлесімді дыбысты

сигналдарымен арнайы светофорларын, пандустар, өту жолдарын орнату жоспарланды.

2007 жылы зейнетақының орташа айлық мөлшері 9101 теңгеге дейін немесе 2004 жылмен салыстырғанда 17,9%-ға артады. Әлеуметтік жәрдемақының орташа мөлшері 57,3%-ға өсіп, 6256 теңгені құрайды.

7) Денсаулық сақтау

2003 жылы облыс халқына 219 дербес амбулаториялық-поликлиникалық ұйымдар медициналық көмек көрсетеді. Сондай-ақ, 136 фельдшерлік-акушерлік пункттер, 231 фельдшерлік пункттер және 83 аурухана ұйымдары қызмет көрсетті.

50-ден астам халқы бар 50 елді мекендерде арнайы салынбаған фельдшерлік пункттер, туберкулез ауруларын емдеу үшін бөлімдер ашылды. қосымша 96,75 штат лауазымы бөлінді.

Облыстық бюджеттің қаражаты есебінен 413,2 млн. теңгеге 16 денсаулық сақтау объектілеріне күрделі жөндеу жүргізілді. Медициналық құрал-жабдықтар 92 млн. теңгеге сатып алынды. Облыстық ауруханада жасанды бүйрек аппараты жұмыс істей бастады.

340 мекемеге телефон жүргізілді, 304 дәріхана ашылды.

Соның нәтижесінде туберкулезбен науқастану деңгейі 100 мың адамға 123,2-ден 120,8-ге дейін төмендеді. Туберкулезден өлу - 11,3-тен 10,4-ке дейін, вирусты гепатитпен науқастану деңгейі - 2 есе, 84,7-ден 48,7-ге дейін төмендеді.

Жыл соңына дейін 5 ФАП (12,5 штат бірлігімен жалпы сомасы 4,8 млн. теңге) және 14 ФП (21 штат бірлігімен жалпы сомасы 7,3 млн. теңге) ашу жоспарланды.

2005 жылы жергілікті бюджет есебінен 50 орындық облыстық эндокринологиялық диспансер ашылды. 2005 жылы республикалық бюджет есебінен Панфилов ауданының Жаркент қаласында бір ауысымда 300 адам қарайтын әйелдерге кеңес беру (консультациясы) орнымен, 60 орындық және Еңбекшіқазақ ауданының Есік қаласында 100 орындық перзентхана үйлерінің құрылысын аяқтау жоспарланды.

Денсаулық сақтау объектілерін 382,0 млн. теңге сомаға күрделі жөндеуден өткізу жоспарланды.

Денсаулық сақтау мекемелерінің материалдық-техникалық базасын нығайту жөніндегі шаралар жалғастырылатын болады. Денсаулық сақтау объектілеріне 2006 жылы 438,0 млн. теңгеге, 2007 жылы - облыстық бюджеттің қаражаты есебінен 592,0 млн. теңгеге күрделі жөндеу жүргізу жоспарланады.

8) Мәдениет, туризм және спортты дамыту

Мәдениет

Облыста 364 мәдениет ұйымдары бар, олардың ішінде 134-і мемлекеттік. 2002 жылмен салыстырғанда мемлекеттік мәдениет мекемелерінің жүйесі бірлікке а за й д ы .

19 мәдениет объектілері 264 млн. теңге сомаға күрделі жөндеуден өткізілді. Мәдениет мекемелерінің материалдық-техникалық базасын жаңарту және нығайтуға 41 млн. теңге бөлінді. Кітапханалар мен мәдениет үйлерін 2 млн. теңге сомаға компьютерлендіру басталды.

Облыстың әлеуметтік-мәдени инфрақұрылымдарының толық жұмыс істеуіне қол жеткізу үшін мәдениет мекемелерінің қызметін жетілдіру және оларды қазіргі заманғы техникалар және құрал-жабдықтармен жарақтандыру көзделеді.

2005 жылы мемлекеттікке жеке меншіктен 5 мәдениет үйлері мен 5 кітапханаларды көшіру есебінен мемлекеттік ұйымдар санын арттыру жоспарланады. Жамбыл, Қаратал аудандарында және Қапшағай қаласында тарихи-өлкетану мұражайлары ашылады.

Ауылдық аумақтарды дамыту бағдарламасы шеңберінде 2004-2006 жылдары 27 объектіге жалпы сомасы 390,3 млн. теңгеге күрделі жөндеу жүргізіледі.

2007 жылы 2004 жылмен салыстырғанда мәдениет ұйымдарының жалпы саны 9 бірлікке немесе 2,5%-ға артып, 374-ке жеткізіледі.

Туризм

2003 жылы облыста 29 фирмада туристік қызмет жүзеге асырылды. Олармен 21,3 мың адамға қызмет көрсетілді, бұл 2002 жылғыдан 46,6%-ға көп. Облыста туристік қызмет көрсетуден түскен табыс көлемі 1,6 есе артты, 2003 жылы 33,6 млн. теңгені құрады.

Алматы облысында 2004-2005 жылдарға арналған туризмді дамыту бағдарламасын іске асыру негізгі жолдардың бірі болып табылады. Оның шеңберінде табиғи және тарихи-мәдени әлеуетімен жаңа туристік аудандарды игеру, ауыл (село) туризмін дамыту, келу және ішкі туризмді одан әрі дамыту, туризм саласында қызмет көрсету жөнінде шағын кәсіпкерлікті қолдау, туристік кадрлерді дайындау және олардың біліктілігін көтеру көзделеді.

2007 жылы келу және ішкі туризм бойынша туристердің санын 1,7 есеге өсіру күтіледі.

Спорт

2003 жылы облыста (2002 жылғы 2797-ге қарсы) 2826 спорт құрылыстары есепте тұрды.

2006 жылы Талғар ауданында Олимпиядалық ойындарға дайындық Базасын ашу жоспарланады.

Кербұлақ ауданында жаңа "ДЮСШ" ашылады, Жансүгіров поселкесі мен Қапшағай қаласында балалар мен жасөспірімдерге арналған спорт мектебінің оқу базасын жөндеу жоспарланады, "Жетісу" стадионы мен "Өркен" спорт кешенін

күрделі жөндеуден өткізу, ипподром құрылысын аяқтау жоспарланады.

Қабылданған шаралар нәтижесінде, 2007 жылы 2004 жылмен салыстырғанда спорт құрылыстарының саны 10 бірлікке артып, 2840-ты құрады. Спортпен айналысатын адамдар саны 0,9%-ға өсіп, 281,8 мың адамды құрады.

8. Аумақтық даму және инфрақұрылымдар

1) Демография және халықты ұтымды орналастыру
2003 жылы облыс халқының орташа жылдық саны 1566,8 мың адамды құрады.

Туудың жалпы коэффициенті 2002 жылғы 15,2-нің орнына 1000 адамға туылған бала саны 17,6. 2003 жылы табиғи өсім 2002 жылғы 9963 адамның орнына 13039 адамды құрады.

2003 жылы облысқа 37765 адам көшіп келді, 38210 адам кетіп, көші-қонның теріс сальдосы 2002 жылғы 4238 адамның орнына - 445 адам немесе 10 есеге азайды.

2005-2007 жылдары облыста, Еңбекшіқазақ, Панфилов және Сарқан аудандарында 3 перзентхана үйлері үшін жаңа ғимараттар салынады. 3-жылдық жоспарға сәйкес 38 денсаулық сақтау, ауылдық жерлерде 14 білім объектілеріне жөндеу жүргізіледі.

2007 жылы 2004 жылмен салыстырғанда халық саны 0,9%-ға артып, 1590,1 мың адамды құрады.

2) Ауылдың әлеуметтік саласын және инфрақұрылымдарды дамыту
Облыста 2004-2006 жылдарға арналған ауылдық аумақтарды дамыту бағдарламасы әзірленген. Бағдарлама шеңберінде ауылға орналастыруды оңтайландыру негізінде ауылды (селоны) тіршілікпен қамтамасыз етудің қалыпты жағдайларын құру, ауылдық елді мекендерді мемлекеттік қолдауға бағытталған, кешенді шараларды іске асыру жолымен ауылдың тұрмыс-тіршілігін теңестіру, ауыл шаруашылығы өндірісін өсіру және экономикалық қызмет саласын ұлғайту, өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымдарды дамыту, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету шаралары қабылданады.

Білім

2005-2007 жылдары ауылдық жалпы білім беретін мектептер жүйесін дамыту үшін мынадай шаралар қабылданды:

4 елді мекенде 1 басымдық бойынша "Мектебі жоқ елді мекендердің оқушы орындарына қажеттілігін қамтамасыз ету" 2005 жылы республикалық бюджет есебінен 557,6 млн. теңге сомада мектеп салу;

2006 жылы 3 елді мекенде республикалық бюджеттің есебінен 347,7 млн. теңге сомаға апатты жағдайдағы мектептердің орнына мектеп салу және 2007 жылы 1 елді мекенде 102,6 млн. теңгеге салынады;

апатты жағдайдағы білім объектілерін 14 елді мекенде жергілікті бюджет есебінен күрделі жөндеуден өткізу.

Денсаулық сақтау

Денсаулық сақтауды дамыту үшін мынадай шаралар қабылданатын болады:

2005 жылы республикалық бюджеттің есебінен 120 орындық 2 перзентхана үйі салынады;

2007 жылдары республикалық бюджеттен жалпы сомасы 1125,4 млн. теңге 4 туберкулез ауруханасының құрылысын салу жоспарланады; апатты жағдайдағы 73 денсаулық сақтау объектілерін күрделі жөндеуден өткізу.

Сумен жабдықтау

Облыстың ауыл халқын ауыз сумен қамтамасыз ету үшін республикалық бюджеттің есебінен 2005 жылы 9 АЕМ-де 894,7 млн. теңге сомаға сумен жабдықтау жүйелерін салу және қайта жаңарту, 2006 жылы 7 елді мекенде 289,7 млн. теңге және 2007 жылы 7 АЕМ-де 440,0 млн. теңге көзделді.

Жолдар

Алдағы 3 жылда ауылдық жолдарды дамыту үшін жергілікті бюджет есебінен 526,3 км жолды күрделі жөндеуден, 760 км - орташа, 6296,7 км жолды ағымдағы жөндеуден өткізу көзделді.

3) Көлік және байланысты дамыту

2003 жылы жалпы пайдаланудағы автомобиль көлігі кәсіпорындарымен жүк тасымалдау көлемі 81,9 млн. тоннаны құрады, бұл 2002 жылға 113,5%. Жалпы пайдаланудағы көліктің жүк айналымы 3179 млн. тонна/км.

Жолаушылар тасымалдау 276 млн. адам (2002 жылға 108,3%).

Жуық арадағы үш жылда автомобиль көлігі саласында әділетті конкуренция және көлік қызметі рыногын дамытуды реттеу, облыста автомобиль жолдарының тиімді жұмыс істеуі және көлікте қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін жағдай жасау көзделеді.

2005-2007 жылдары жүк тасымалдаушылардың өз қаражаты есебінен 812 бірлік автобусты жаңарту, қосымша 62 қала маңына баратын маршруттар ашу жоспарланады.

Республикалық маңыздағы жалпы пайдаланудағы автомобиль жолдарын жөндеу үшін 1116,3 млн. теңге қаралды. Бұл жолдар Алматы - Өскемен және Алматы - Қырғызстанмен шекаралас, сондай-ақ ағымдағы жөндеу, қамсыздандыру және көгалдандыру.

"Авиакомпания "Жетісу" ААҚ-ы Талдықорған - Алматы - Астана - Талдықорған, Талдықорған - Үрімші және Талдықорған - Новосибирск жаңа авиарейстерін ашуды жоспарлап отыр.

Байланыс саласында 2004 жылы 7 аудан орталығы мен 20 ауылдық АТЖ-де

телекоммуникация жүйесін жетілдіру жобалары іске асырылады. Қапшағай - Бақанас учаскесінде байланыстың сандық радиорелелік желісі, сондай-ақ Талдықорған - Жансүгіров, Талдықорған - Сарқан, Талдықорған - Үшарал учаскелерінде байланыстың талшықты - оптикалық желісі салынды.

Қазіргі заманғы ақпараттық, пошта және банк технологиялары базасында пошта саласын жетілдіру жалғастырылады. Пошта байланысы бөлімдері ж е т і л д і р і л е д і .

2007 жылы 295,5 млн. жолаушылар тасу көзделеді, 2007 жылы 2004 жылға қарағанда жолаушылар айналымы 14,1%-ға артады. Жүк тасу көлемі 2007 жылы 2004 жылға қарағанда 22,7%-ға артады.

Пошта қызметінің көлемі 2007 жылы 2004 жылмен салыстырғанда 10,7%-ға өседі.

9. Даму бағдарламалары және оларды қаржыландыру

2003 жылдан бастап әзірленген өңірлік бағдарламалар тізбесі ортамерзімді жоспар құрамында бекітіледі. Бұл ортамерзімді жоспардың басымдықтарына сәйкес келетін, тек сол бағдарламалық құжаттарды әзірлеуді жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Олардың ресурстық бөлігі бюджеттік бағдарламалармен ү й л е с т і р і л г е н .

2004 жылдың 1 маусымына 23 бағдарлама бар, 8 бағдарлама әзірлеу с а т ы с ы н д а т ұ р .

2005-2007 жылдары әлеуметтік-экономикалық саясатты іске асырудың бағдарламалық-мақсаттық әдісін жетілдіру қызмет саласын немесе салаға бір-екі бағдарламалардан даму бағдарламаларын неғұрлым ірі және өзінің саласы бойынша кешенді түрде біріктіру есебінен қамтамасыз етіледі. Бағдарламалық құжаттарға талапты күшейту, сондай-ақ олардың кешенділігін, жүйелілігін және нәтижелілігін күшейтуге бағытталады.

2005 жылы бағдарламаларды іске асыруға республикалық және жергілікті бюджеттен жалпы қаржыландыру көлемі 31,8 млрд. теңгені құрады, оның ішінде қолданыстағыларға 26,3 млрд. теңге, қараудағыға - 5,5 млрд. теңге жіберу к ө з д е л д і .

Бағдарламаны іске асырудан соңғы нәтижелерге қол жеткізу, оларды іске асыру тиімділігінің толық және нақты талдауын жүзеге асыру жолымен, немесе бағдарламалардың нәтижелілігіне ішкі және сыртқы бағалау жүргізу жолымен қамтамасыз етілетін болады. Бағдарламаларды одан әрі іске асырудың мақсатқа сәйкестігі туралы шешім және қаражаттарды одан әрі бөлу жүргізілген бағалаудың нәтижесіне негізделеді.

Қолданыстағы және өңделудегі өңірлік бағдарламалардың тізімі

№				

	Бағдарламаның атауы	Бағдарламаның мақсаты	Жүзеге асыру кезеңі	Орындалуына жауаптылар
1	2	3	4	5
1. Қолданыстағы өңірлік бағдарламалар тізімі				
1	2004-2006 жылдарға арналған Алматы облысын әлеуметтік-экономикалық дамытудың Кешенді бағдарламасы	Бәсекеге қабілетті тауарлар мен қызмет көрсетудің өндіруші-өңіріне айналу	2004-2006жж.	Облыстық басқармалар, комитеттер, департаменттер, бөлімдер, аудандар мен қалалар әкімдері
Өндіріс				
2	2004-2006 жылдарға арналған Алматы облысын индустриалды-инновациялық дамыту Бағдарламасы	Ішкі және сыртқы рынокта бәсекеге қабілетті өнеркәсіптік секторды қалыптастыру	2004-2006 жж.	Энергетика және өндіріс бөлімі, аудандар мен қалалар әкімдері, "Инновациялар жөніндегі комитет" МКК, экономика басқармасы, басқа басқарламалар мен комитеттер
Ауыл шаруашылығы				
3	2003-2005 жылдарға арналған Алматы облысының Агроазық-түлік бағдарламасы	Агроазық-түлік кешенінің тиімді жүйесін қалыптастыру және бәсекеге қабілетті өнім өндіру негізінде азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету	2003-2005жж.	Ауыл шаруашылығы департаменті, ҚР АШМ облыстық аумақтық басқармасы
4	2004-2006 жылдар ауылдық аумақтарды дамыту бағдарламасы	Ауылдық елді мекендерді мемлекеттік қолдауына, ауылшаруа шылық өндірісінің өсуі және экономикалық қызметтің аясын кеңейтуге, өндірістік және әлеуметтік инфраструктурасын дамытуға бағытталған нақты шаралар кешенін қабылдау жолымен ауылды өмірлік қамтамасыз ету жағдайларын теңестіру	2004-2006 жж.	Облыстық басқармалар, комитеттер, департаменттер, бөлімдер, аудандар мен қалалар әкімдері
Құрылыс				
5	2005-2007 жж. Алматы облысының тұрғын үй құрылысын дамыту бағдарламасы	Халықтың кең ауқымын тұрғын үймен қамтамасыз ететін тұрғын үй құрылысын дамыту мәселелерін кешенді шешу	2005-2007 жылдар	Құрылыс және инфрақұрылым бөлімі

Жұмыспен қамту және еңбек

6	2004 жылға арналған халықты жұмыспен қамту бағдарламасы	Рационалды жұмыспен қамтуды, жұмыссыздық деңгейін төмендету, жұмыс күшінің сапасын жақсартуды қамтамасыз ету	2004 жыл көлемінде	Еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау басқармасы
---	---	--	--------------------	---

Әлеуметтік қорғау

7	2002-2005 жылдарға арналған облыстық мүгедектерін ақтау бағдарламасы	Мүгедектерді ақтау жүйесін құру, оларды қоғамға жан-жақты интеграциялау үшін мүмкіндік беру, тәуелсіз өмір салтын қамтамасыз ету үшін жағдай туғызу, мүгедектік деңгейін төмендету	2002-2005жж.	Еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау басқармасы
8	2002-2005 жылдарға арналған Алматы облысының кедейлікті төмендету жөніндегі бағдарламасы	Облыста экономикалық өсуі, тиімді жұмыспен қамту және халық табысының өсуі үшін жағдай жасау арқылы кедейлікті қысқарту. Халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді нысанына бағытталған кешенді шараларды жүзеге асыру	2004-2005 жж.	Алматы облысы Әкімінің экономика басқармасы, еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау басқармасы, аудандар мен қалалар әкімдері

Білім

9	2001-2005 жылдарға арналған "Білім" бағдарламасы	Сапалы білімге жету үшін үлкен мүмкіндікті қамтамасыз ететін облыстағы білім жүйесінің ұлттық моделін тиімді дамыту үшін жағдай құру. Мекемелердің әрі қарай материалдық базасын нығайту және оларды жеткілікті қаржыландыру	2001-2005жж.	Білім департаменті, аудандар мен қалалар әкімдері
---	--	--	--------------	---

Денсаулық сақтау

10	Алматы облысы бойынша 2004-2003 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында	Арудың көрсеткіштерін төмендету арқылы эпидемиологиялық жағдайды тұрақтандыру	2004-2006жж.	Денсаулық сақтау басқармасы, Әділет департа
----	---	---	--------------	---

	туберкулезге қарсы күресті күшейту бағдарламасы			менті, Алматы облыстық ИББ
11	2002-2005 жж. Алматы облысында ЖҚТБ эпидемиясына қарсы тұру бағдарламасы	ВИЧ жұқтыруға қатысты қауіпті жүріс-тұрыстағы әлсіз топтарды (жастар, жасөспірім дер, нашақорлар және т.б.) азайту	2002-2005жж.	Аудандар мен қалалар әкімдері, облыстық денсаулық сақтау басқармасы
Спорт, туризм және салауатты өмір салты				
12	2001-2005 жылдарға арналған Алматы облысында спор және дене шынықтыруды дамыту бағдарламасы	Балалар мен жасөспірімдерді жұмыспен қамтылуын көтеру, жастар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу, дене шынықтыру және спортпен айналысатындардың санын көбейту, лайықты спорттық қорды даярлау, облыс споршыларының республикалық және халықаралық аренада жетістікті жарысуларын қамтамасыз ету. Аурудың алдын алу, облыс тұрғындарының денсаулығын сақтау мен нығайту	2001-2005жж.	Спор және дене шынықтыру басқармасы
Демография және көші-қон				
13	2001-2005 жылдарға арналған Қазақстан Республикасың демографиялық дамуы бағдарламасы	Елдің ұзақ мерзімді стратегиялық дамуына сәйкес облыс тұрғындарының сандық және сапалы өсуін қамтамасыз ету	2001- 2005 жж.	Аудандар мен қалалар әкімдері, облыстық көші-қон және демография жөніндегі басқармасы
14	2001-2010 жылдарға арналған Алматы облысының көші-қон саясаты бағдарламасы	Көші-қон процесіне рін басқару, қалыпты демографиялық дамуды қамтамасыз ету, мигранттардың құқықтарын жүзеге асыру үшін жағдай жасау	2001- 2010 жж.	Аудандар мен қалалар әкімдері, облыстық басқармалар мен комитеттер, облыстық көші-қон және демография жөніндегі басқармасы
Мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, құқықтық тәртіп және қылмыспен күресті нығайту				
15	2003-2004 жылдарға арналған ҚР-да қылмысқа	Құқық бұзушылықтың алдын алу жүйесін		ИББ

	қарсы күрес және құқық бұзушылықтың алдын алу бағдарламасы	қ а л ы п т а с тыру, қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті нығайту	2003- 2004 жж.	
16	2003-2005 жылдарға арналған Алматы облысында құқықтық жалпы білім беру (всеобуч) кешенді бағдарламасы	Қазақстан Республикасында құқықтық реформаның Мемлекеттік бағдарламасын орындау	2003- 2005 жж.	Әділет департаменті, облыстық басқармалар, департаменттер және комитеттер
Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану				
17	2010 жылға дейінгі кезеңге арналған Алматы облысының экологиялық бағдарламасы	Қоршаған ортаның нашар қарқынын төмендету	2010 жылға дейін	Қоршаған ортаны қорғау басқармасы, жергілікті экологиялық бағдарламаларды әкімшілік ету жөніндегі бөлім
18	2002-2010 жылдарға арналған "Ауызсу" бағдарламасы	Қажетті көлемде және кепілдік берген сападағы ауызсумен халықты бекем қамтамасыз ету	2002- 2010 жж.	Аудандар мен қалалар әкімдері, жол және коммуналдық шаруашылық басқармасы, қоршаған ортаны қорғау басқармасы
Мемлекеттік активтерді басқару				
19	2003-2005 жылдарға арналған Алматы облысы бойынша коммуналдық жекеменшік және жеке шелеңдіруді басқарудың тиімділігін арттыру бағдарламасы	Мемлекеттік мүлікті басқарудың тиімді жүйесін қалыптастыру	2003- 2005 жж.	Облыстық басқармалар, департаменттер және комитеттер, аудандар мен қалалар әкімдері
Ішкі саяси тұрақтылық және қоғамның бірігуі (нығаюы)				
20	2003-2004 жылдарға арналған тілдерді дамыту мен функциялау өңірлік бағдарламасы	Мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту, тілдерді оқыту мен білім саласында тілдік даму	2003- 2004 жж.	Облыстық мемлекеттік тілді дамыту жөнінде бөлім
21	2003-2005 жылдарға арналған Алматы облысының үкіметтік емес ұйымдарын мемлекеттік қолдау өңірлік бағдарламасы	Азаматтық қоғам бөлігі ретінде Алматы облысындағы үкіметтік емес ұйымдардың орнықты дамуы үшін жағдай жасау және мемлекеттік органдар жағынан қолдау мен өзара әрекетте	2003- 2005 жж.	

		стік негізінде қоғамның әлеуметтік-маңызды мәселелерін шешудегі ролін нығайту		Ішкі саясат департаменті
Өңірлік саясат				
22	2004-2006 жылдарға арналған Алматы облысының шағын қалаларын дамыту бағдарламасы	Шағын қалаларды әлеуметтік-экономикалық дамыту, тұрғындардың өмірлік деңгейін көтеру үшін бәсекелес орта мен жағдай құру	2004-2006жж.	Алматы облысы әкімінің экономика басқармасы, энергетика және өнеркәсіп бөлімі, кәсіпкерлікті, шағын және орта бизнесті қолдау мен дамыту жөніндегі комитет, аудандар мен қалалар әкімдері
23	2004-2009 жылдарға арналған Алматы облысының Мемлекеттік қала құрылысы кадастрасының автоматтандырылған жүйесін құру бағдарламасы	Облыстың МҚК (ГГК) кезеңдік ақпараттық жүйесін енгізу мен құру	2004- 2009 жж.	Сәулет және қала құрылысы басқармасы
ҚОЛДАНЫСТАҒЫ БАҒДАРЛАМАЛАР БОЙЫНША ҚОРЫТЫНДЫ				
2. Өң делудегі өңірлік бағдарламалар тізімі				
Өнеркәсіп				
1	2005-2015 жылдарға арналған энергосақтау жөніндегі бағдарлама	Жоғалту деңгейін төмендету және жаңа технологияларды енгізу	1 - кезең - 2005-2007 жж.	Энергетика және өнеркәсіп бөлімі, АПК АРЭЖ, АҚ "ТАТЭК"
Білім				
2	2004-2005 жж. Арналған " Ауыл мектебі" бағдарламасы	Ауылдық білім ұйымдарының жұмысын, ауылдық және азкомплектілі мектептерді басқарудың тиімділігін жақсарту, олардың тұрақты дамуын қамтамасыз ету, ауылдық білім ұйымдарының оқыту-материалдық базасы мен кадрлық әлеуетін нығайту	2004-2005 жж.	Білім департаменті, аудандар мен қалалар әкімдері
3	2004-2005 жж. Арналған "Облыстың білім жүйесін информатизациялау" бағдарламасы	Барлық білім деңгейлеріне ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу арқылы	2004-2005 жж.	

Қазақстандық білімнің сапасын
арттыру, сонымен қатар әлемдік білім
кеңістігіне шығару (интеграциялау)

Білім департаменті,

				аудандар мен қалалар әкімдері
Денсаулық сақтау				
4	2004-2006 жж. Арналған "Халық денсаулығы" бағдарламасы	Облыстың денсаулық сақтау жүйесінің тұрғындар мен өзара тиімді қатынасын жетілдіру жолымен халықтың ауруға шалдығуын төмендету, медициналық қызметтің сапасын, қол жетімділігін қамтамасыз ету, кәсіби жұмысын күшейту	2004-2006 жж.	Аудандар мен қалалар әкімдері, облыстық денсаулық сақтау басқармасы
Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану				
5	2004-2007 жж. Арналған "Қазақстан ормандары" бағдарламасы	Ормандарды, жануарлар әлемі мен өсімдік ресурстарын сақтау, рационалды пайдалану және өндіруге бағытталған орман шаруашылығы, биологиялық, ұйыдастыру-техникалық және экологиялық шаралар кешенін жүзеге асыру	2004-2007 жж.	Алматы облыстық орман және биоресурстар жөнін дегі басқарма, ормандар мен жануарлар әлемін қорғау жөніндегі МКК "Каратал орманы", "Жетысу орманы" мемлекеттік мекемелері
Спорт, туризм және салауатты өмір салты				
6	2004-2005 жылдарға арналған Алматы облысының туристік саласын дамыту бағдарламасы	Экономиканың табыстылық саласы ретінде туризм индустриясының қалыптасуы, облыста заманға сай бәсекеге қабілетті туристік кешенін құру	2004-2005 жж.	Туризм жөніндегі бөлім, аудандар мен қалалар әкімдері
Шағын кәсіпкерлікті дамыту				
7	2004-2006 жж. арналған Алматы облысында шағын кәсіпкерлікті қолдау мен дамыту бағдарламасы	Облыс экономикасының негізгі құрылымдық компоненті ретінде шағын кәсіпкерліктің тұрақты дамуын қамтамасыз ету, оның рационалды салалық құрылымына жету	2004-2006 жж.	Кәсіпкерлікті, шағын және орта бизнесті қолдау мен дамыту жөніндегі комитет
Төтенше жағдайдан қорғау мен ескерту				
8	2004-2007 жж. арналған төтенше жағдайды жою мен ескерту жөніндегі бағдарлама	Төтенше жағдайдан және оның зардаптарынан тұрғындарды, қоршаған ортаны және шаруашылық объектілерін қорғау	2005-2007 жж.	Аудандар мен қалалар, Департаменттер, басқармалар, ұйымдар

ҚОЛДАНЫСТАҒЫ ЖӘНЕ ӨНДЕЛУДЕГІ БАҒДАРЛАМАЛАР БОЙЫНША ҚОРЫТЫНДЫ

2005 жыл - қолданыстағы бағдарламалар бойынша қорытынды

2005 жыл - өңделудегі бағдарламалар бойынша қорытынды

2005 жыл - қолданыстағы және өңделудегі бағдарламалар бойынша қорытынды

кестенің жалғасы:

Болжамды шығындар (млн. теңге)	Қаржы көздері	Бағдарламаны бекіту жөніндегі нормативтік құқықтық акт	Индикативті жоспардың бөлімі
6	7	8	9
қаржыландыру қажет емес Финансирование не требуется		23.12.2003жылғы №4-21 облыстық Мәслихат шешімі	Даму бағдарламалары және оларды қаржыландыру
2004ж.- 4079,2 2005ж.- 1484,9 2006ж.- 1795,5 Барлығы: 7359,6	Басқа көздер	13.14.2004жылғы №5-30 облыстық Мәслихат шешімі	Индустриалды-инновациялық даму
2004ж.- 3010,5 2005ж.- 3704,0 Барлығы: 6714,5 2004ж.- 461,3 2005ж.- 699,8 Барлығы: 1161,1 2004ж.- 1730,0 2005ж.- 1900,0 Барлығы: 3630,0	Республикалық бюджет Жергілікті бюджет Басқа көздер	20.03.2002жылғы №33-183 облыстық Мәслихат шешімі, 20.03.2003 жылғы 5облыстық әкімдік қаулысы	Агротүлік саясаты
